

УДК 577.4: 332 (009)

**60-80 жылдары Қазақстан ауыл шаруашылығында
Мелиоративтік жұмыстар мен егіншілікті химияландырудың
қоршаған табиғи ортаға тигізген залалы**

Тар.ғылым.канд. С.А.Байтілен
А.А.Алиева

Мақалада нақты бүгінгі күнге дейін шешімін таппай келе жатқан ауыл шаруашылық кешенін суландыру және химияландыру және осы салада мемлекет басшыларының жіберген қателіктері, соның салдарынан табиғатқа, қоршаған ортаға, адам денсаушылығына тигізген зиянды өсері жан-жақты өңгіме болады.

Өмірдің әр кезінде барлық адамзат алдында тұрған келелі де күрделі міндеттердің бірі - өзіміз өмір сүріп, күнделікті тіршілік қажетімізге пайдаланып отырған табиғатты қорғау және оның сан алуан байлықтарын барынша ұқыпты пайдалану болып отыр. Ғылым мен техниканың дамып отырған кезеңінде қоршаған орта, табиғат тазалығы экологиялық апатқа ұшыраған аймақтар планета бойынша емес, жеке алаптар көлемінде де жиі кездеседі.

60-80 жылдары Қазақстан көлемінде ауа кеністігін, суды, табиғат байлықтарын қорғау және экология жөніндегі мәселелер өз деңгейінде болмады. Өйткені партия және өкімет тарапынан бұл мәселеге өз дәрежесінде лайықты көңіл аударылмады. Бұл көрініс еліміздің ауыл шаруашылық жүйесінде қалай болды, соны талдап зерттеп көрелік.

Қазақстанның территориясы 275 миллион гектар жерді алып жатыр десек, соның едәуір бөлігі - 61,8 миллион гектары жайылымдық және 9 миллион гектардан астамы шабындық жерді тиімді пайдалану үшін су қажет. Ал, су республикада бар. Бірақ ол көбінесе тиімді пайдаланылмады. Соның салдарынан қараусыз аққан су табиғатқа зиянын тигізді.

Қазақстан ғалымдары көп жылғы зерттеуден кейін тек жер үсті емес, жер астында да үлкен теңіз бар екенін дәлелдеді. Мәселен, республика территориясында жер асты қабатында ірілі-уақты 70 артезиан бассейні бар. Олардың мөңгілік су қоры өте мол. Мысалы, тек қана Қызылқұмның астындағы су қорының өзі 1,3 триллион текше метр келеді екен, яғни, Арал теңізінің суымен бара-бар деген

сөз. Жер асты суын еліміздегі жайылымдардың кез келген жеріне шығаруға болатындығы анықталды. Қазақстанда 60-80 жылдары елімізде мал жайылымдарын суландыру мақсатында бірқатар жұмыс атқарылды. 1949 жылдан бастап 1959 жылыға дейін елімізде суландырылған жайылымдардың көлемі 75 миллион гектардан 150 миллион гектарға дейін жетті десек, ал тек сегізінші бесжылдықта ғана 22 миллион гектар жайылым суландырылды. Сөйтіп, Қазақстанда суландырылған жердің жалпы көлемі 94 миллион гектарға артты. Қазақстанда 1983 жылы суармалы жердің көлемі 3 миллион гектардан асты, оның ішінде тұрақты суарылатыны 2,1 миллион және көлдетіп суарылатыны-900 мың гектар./2/.

1965 – 1990 жылдары мелиоративтік жұмыстардың жанды табиғатқа тигізген залалына дәлелді болу үшін бір нақты мысал келтірейік, 1973 жылы Талдықорған облысында суармалы егіншіліктің мол мүмкіндіктері толық пайдаланылмай жатқандығы облыстың кеңейтілген кеңесінде сөз болды/3/.

Білгалды дер кезінде ұтымды пайдаланған “дала аруы” жақсы өскен, ал онымен іргелес алқаптағы жүгері жүдеу, аласа өскен. Бұл плантация қыратты жерге орналастырылған, сушы оны қаншалық суландырып әрекеттенгенмен су оған көтерілмейді, немесе жүгері ойпанға егіледі де су қоры шамадан тыс көп жыйналып, өсімдіктің есуіне бөгет жасайды. Сонымен бірге көлдетіп суғарған су тек қана егіске зиян тигізгенімен қатар, жырыла аққан су төңірегіндегі табиғаттың өсімдіктеріне де зиянын тигізеді. Сондықтан суды да орнымен тиімді ұқыпты пайдалану керек. Дұрыс суландырмаудың салдарынан әр гектардан 10-15 центнер дән, 100-150 центнер қант қызылшасын кем өндіреміз. Ал мұндай ысырапты аудан, облыс көлемінде есептесе қанша ысырап, қаншама шығын және зиян болады?!

“Байлықтың анасы – жер, атасы – еңбек” дейді халық даналығы. Ал тіршілік нәрі – су. Ендеше суды да қадырлей біліп, оны егіншілікке дұрыс пайдалану керек./10/

Қазақстанда 60-80 жылдары көптеген беталды ағып, табиғатқа залалын тигізіп жатқан көлдің, тоғанның, су қоймаларының суларын және жер қойнауынан шығарылған ласталған, уланған және жауынды суларды бір жүйеге келтіру және оларға арнайы салынған бетоннан жасалған арық, канал т.б. су ағатын орындар мен жүйелерді салу жұмыстары баяу жүрді, сапасыз болды. Бұл жөнінде СОКП-ң Орталық Комитетінің 1966 жылғы май Пленумынан кейінгі уақыттарда жаңа су шаруашылығы құрылыстарының көлемі бұрынғыдан әлде қайда өскенімен, алғашқы қарқыннан кейін саябырлау бола бастады. Рас, өдеттегідей Пленумнан кейін қуатты индустриялық база құрылды, құрастырмалы темір бетон кеңінен қолданыла бастады, жұмыстардың механикаландырылу дәрежесі мықтап өсті. Сондай-ақ суармалы жерлердің есепке алынуы, жүйелерді ғимараттармен жарактандыруда сапалы өзгерістердің жүзеге асқанын, судың топыраққа сіңуін болдырмайтын каналдардың ұзартылғанын, реттеп отыратын сыйымдылықтардың көлемі өскенін көрсетті.

Қазіргі егіншіліктің суландыру жүйесі — бас каналдармен екінші және үшінші кезектегі каналдар негізінен жерден қазылып жасалған. Сол себепті су жерге сіңіп, немесе шетін бұзып 00,2 төңірегіндегі табиғатқа зиянын тигізеді және ысырап болды. Ал, су қоры болса өлшеулі, жетіспейді. Кейбір су тапшы жылдары ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша оның қажетті мөлшерін ала алмай қалады. Мұның бәрі өнімді кемітіп, шаруашылық экономикасына кесірін тигізеді.

Қазақстанда зерттеліп отырған кезеңде (1965-90 ж.ж.) мелиоративтік жұмыстардың жанды табиғатқа тигізген залалы көп болды:

- біріншіден, Кеңес өкіметінің Қазақстанда жүргізген мелиоративтік жұмыстарды жоспарлауының көп талаптары негізсіз, жергілікті шаруашылықтың ерекшеліктерін есепке алмай, шаруашылық басшыларымен және мамандармен санаспай Москвада жасалынуында;
- екіншіден, жергілікті жердегі арық, өзен, көл, тоған және жер асты суын жөнді, дұрыс, жоспарлы, ысырапсыз, тиімді пайдаланбағандығында;
- үшіншіден, мелиоративтік жұмыстардың көзін тауып істейтін, әсіресе құрылыс жұмыстарын сапалы істейтін мамандардың жетіспеуінде;
- төртіншіден, мелиоративтік жұмыстарды басқаруда, ұйымдастыруда.

Басшылық органдарының жұмыстарындағы жіберілген кешірілмейтін олқылықтар мен кемшіліктер. Міне, осылардың салдарынан пайдалануға арналған сулар қалай болса солай жырыла ағып немесе сапасыз істелген бетон каналдардың тесігінен, жарылған жерінен аққан су немесе мөлшерден көп пайдаланған сулар жерлерді батпаққа айналдырып, жуып шайып, өз залалын төңіректегі жанды табиғатқа және егістіктерге, жан-жануарға тигізді.

Сондықтан, табиғат қорғау проблемасына айрықша мән беріп, ауа мен суды қауіпті-түрде ластайтын, жерді тоздыратын себептерді болдырмау қажет. Өндірістерді, кәсіпорындарды жобалау және салу жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жұмысын жақсарту ісі үшін жоспарлау, шаруашылық және жобалау ұйымдарына, барлық кадрларымызға табиғатты қорғау тұрғысынан қарастырып, отанымыздың тамаша табиғаты беріп отырған барлық игілікті пайдалануға тек біздің ғана емес, сонымен бірге кейінгі ұрпақтардың да мүмкіндігін жасауымыз керек. Біз табиғатты қорғау және оның ресурсын тиімді пайдалану жөніндегі коллективтік халықаралық шараларға ат салысуымыз қажет.

Тәжірибеден тыңайтқыштарды қолданудың тиімділігіне оның мөлшерімен қатар, топыраққа сіңіру мерзімінің де үлкен әсері барын өркімдер — ақ жақсы біледі. Мұны Талдықорған облысының Сарқант ауданындағы, “Қарабөгет” совхозының басшылары мен мамандары да білмеді емес. Бірақ неліктен екені белгісіз, олар 219 тонна аммиак селитрасын топырақты негізгі өңдеуге пайдаланудың орнына зябьке жыртылған жерді тыңайтуға қолданған. Және қай

жерге қолданды десеніңші?! Топырағының механикалық құрамы жеңіл жерлерге қолданған. Ал мұндай алқапта ол онша пайда бермей ағын суға шайылып кетіп төңірегіндегі табиғатқа үлкен қасірет туғызды.

Тексеру барысында фосфор тыңайтқышы мен көң шірінділері тұқым себер алдында ғана пайдаланып, негізгі өндірілетін алқаптарға қолданылмайтыны анықталды. Мұндай жағдайда тыңайтқыштардың пайдасы аз болатындығы өзінен өзі белгілі. Күздік дақылдарды күгудің ережесі де сақталынбайды. Мәселен, Сарқанд, Қапал, Андреев аудандарында күздік дақылдарға күтім жұмыстары кем жүргізіледі. Тіпті кейбір егістік алқаптар қосымша қоректендірілмейді. Күздік өндіріске баяу енгізіліп жүр. Соның салдарынан шаруашылықтар қыруар астықты кем алып келеді.

Солай десек те, шаруашылықтың тыңайтқыштарды сақтайтын арнаулы қоймасы бар. Олардың бірінде 1,3 мың тонна тыңайтқыш сақталған, ал екіншісінің қабырғасы салақтықтың салдарынан қирап, 50 тоннадай тыңайтқыш көміліп қалған. Сөйтіп ол тыңайтқыштар түйіршіктеліп бірігіп қалған. Жентектелінген минералды тыңайтқыштары табиғаттың кең даласына лақтырылып тасталды. Ал ол қар астында және жауынның суы шайып өзіндік табиғатты уландырып зиянын тигізіп жатты.

Осы ауданның “Көкөзен кеншарында 1200 тонна әр түрлі тыңайтқыштар қыс айларында қалай болса солай сақталған. “Пограничник” кеншарында да иесіздіктің салдарынан 2,2 тонна тыңайтқыш қыста қар астында қалды, одан аққан улы су аққан жерін улады. Мұндай жағымсыз жайлар жалғыз Сарқанд ауданында ғана емес, Талдықорған облысының басқа да аудандарында орын алған.

Тыңайтқыштар ашық аспан астында жатып біріншіден сапасын жойды, ал екіншіден жауын жауғанда жоғарыда айтылған минералды тыңайтқыштарға жауын суы тиіп одан аққан су төңірегіндегі көптеген табиғат жерлерін және суларын уандырды, одан адамдар мен жан-жануарлар зардап шекті.

Республиканың көптеген шаруашылығында минералды тыңайтқыштарды стандартты тұғырда арнайы қамбада сақтау тәртібі сақталмаған, ережеге сөйкес келмеді. Мәселен, Алматы облыстық мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің тексеру барысында Алматы облысының бірқатар шаруашылықтарында осы мәселе тиянақты шешілмегені анықталған. “Пригородный” кеншарында, “Казахстан” жүзім - жидек кеншарында, Атысай темекі кеншарында және т.б. шаруашылықтарда минералды тыңайтқыштар бөлек қамба тамдар мен қораларда болғанымен сақталуы стандартқа сөйкес келмейді. Оның үстіне жауған қар мен жаңбыр үйлердің үстінен өтіп, улы сулары төңірекке ағып табиғатты уандырды және жан-жануарға да залалын тигізді.

Жетісай ауданының “Заря коммунизма” ұжымшарында, Ленин атындағы кеншарда, Бөген ауданының “Бадам, “Караспан” кеншарында, Киров ауданындағы “Шахталы”, “30 лет октябрь” кеншарында, Сарыағаш ауданының Жамбыл атындағы кеншарларында орын алған.

Зерттеліп отырған кезеңде Партияның Орталық Комитетінің жіберген кешірілмес үлкен қателерінің бірі Жамбыл облысында адам баласына, қоршаған ортаға зиянын, кесірін тигізетін Қаратау – Жамбыл территориялық өндіріс комплексі пайда болды./16/ /17/

Соңғы кезде осы химия алыптарының арқасында Жамбылда көптеген адамдар жарық өмірден ерте қоштасып, тұңғық белгісіз өмірге бірінен кейін бірі кетіп жатты. Дәрігерлердің, Денсаулық мекемелерінің және Министрлігінің мәлімдемелеріне қарағанда облыста осы химияның зардаптарынан адамдар, әсіресе балалар өлімі өте көп болды./6/

Ал мал жағынан келсек, олардың тарапынан да өлім баршылық. Тістері өсіп кетіп, шөп жей алмай, күйсей алмай көпшілігі өлім шығынына ұшырады. Сөйтіп жан-жануарлар аштан, арықтап құр сүдесі қалып өліп жатты. Өлген арық мал еш жерде пайдаға аспай, бекерге шығын болды және оның қоршаған ортаға, өмірге тигізген зияны қаншама.

Үлкен химия түтіндерінің әсерінен және облыс ауыл шаруашылығында химия тыңайтқышын көп мөлшерде ретсіз қолданудың салдарынан барлық көлдеріміз, арықтағы және тоғандағы су, өзендеріміз былғанып, уланып тамаша табиғатымызды бүлдірді. Оның суын ішкен адамдар, малдар, құстар, өсімдіктер ауруға ұшырап жас өмірлерінен ерте қоштасты. Ия, бұл облыс тұрғындарына орны толмас үлкен тажал болды.

Төмендегі таблицада 1989 жылғы қараша айында химия зардабынан кеселге душар болған ауруханада тексерілгендегі, зерттелгендегі жұқпалы іш ауруларының күйі көрсетілген.

Қалалар мен аудандар:	аурулар саны:
Жамбыл	91
Жанатас	40,4
Қаратау	2,4
Чу	37,9
Жамбыл ауданы	20,7
Жуалы ауданы	25,2
Қордай ауданы	42,3
Лутовой ауданы	29,1
Меркі ауданы	35,0
Мойынқұм ауданы	13,5
Сарысу ауданы	17,8
Свердлов ауданы	24,3
Талас ауданы	75,9
Шу ауданы.	10,2
БАРЛЫҒЫ:	29,9

Жамбыл облыстық экологиялық комитетінің экологиялық соңғы күнделігінде мынадай мәлімет көрсетілген: Атмосфераның ластану индексі Жамбыл қаласында өте жоғары, ол тек қана 1990 жылы 19,7 болды, ал ол негізінде шектелеген мөлшері бойынша 1 аспауы керек.

Ластану мөлшері ауа бассейінде 3 есе көп. Дәл осындай жағдайға облысымыздың жері мен суы да душар болған.

Экология мен табиғат қорғау - өте күрделі мәселе. Үйткені таза табиғат біздің ырыс-құтымыз, ал былғанған, уланған табиғат-сорымыз. Ал табиғатты улайтын, былғайтын тек адам ғана, осыдан сорлайтын да адам. Адамға тек ғана таза табиғат керек.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. К.Рыспаев Шөлге шабуыл. -Алматы, Қайнар, 1973, 4 б.
2. Қазақстан ауыл шаруашылығы. 1973, ғ 6, 4 б.
3. П.А. 708 к., 114 х., 17 іс, 17-18 п.; Қазақстан ауыл шаруашылығы ғ 6, 1974, 28 б.
4. П. А. 708 к., 114 х., 17 іс, 17-18 п.; Қазақстан ауыл шаруашылығы ғ 6 , 1974, 30 б.
5. Қазақстан ауыл шаруашылығы 1, 1979, 36 б.
6. Жамбыл обл. мемл. архиві. 282 к., 7 х., 10 іс, 7 п.; 282 к., 6 х., 5 іс, 4 п.
7. "Халыққа білім беру жүйесіндегі экологиялық оқыту мен тәрбие" проблемасына арналған мемлекетаралық ғылыми-педагогикалық және методикалық конференцияның материалдары. - Жамбыл, 1992, 4-6 маусым, 75 б.

М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университет

НАНЕСЕННЫЙ ВРЕД ОКРУЖАЮЩЕЙ ПРИРОДНОЙ СРЕДЕ, ЭКОЛОГИИ КАЗАХСТАНА В РЕЗУЛЬТАТЕ МЕЛИОРАТИВНЫХ РАБОТ И ХИМИЗАЦИИ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА В 60-80 годы

Канд.ист.наук

С.А.Байтилен

А.А.Алиева

В статье затронуты не решенные на сегодня проблемы мелиорации и химизации сельского хозяйства республики, ошибки руководящих органов в этой отрасли экономики, ущерб нанесенный природе, окружающей среде, экологии в целом, здоровью населения региона.